


БЕКІТЕМІН
«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Психикалық денсаулық
орталығы» ШЖҚ КММ
директоры
Д.Ж.Бейсембаев



«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ
«Психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КММ
ақылы медициналық қызмет көрсету
ҚАҒИДАСЫ

1) **ШЖҚ КММ ақылы медициналық қызмет көрсету құқығын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер:**

- ✓ «Мемлекеттік мүлік туралы» 2015 жылғы 11 қарашадағы №408-V Қазақстан Республикасының Заңы;
- ✓ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;
- ✓ «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы №672 қаулысы;
- ✓ «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы №ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы;
- ✓ «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39-Н бұйрығы;
- ✓ 2018 жылғы 31 мамырдағы №01515 ДТ медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия;
- ✓ «Көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамды медициналық қарап-тексеруден, механикалық көлік құралдары жүргізушісін қайта медициналық қарап-тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-172/2020 бұйрығы;
- ✓ «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы;
- ✓ Ақылы қызметтерді ұйымдастырудың негізгі мақсаты – халықтың медициналық көмектің әртүрлі түрлеріне деген қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру, Кәсіпорын ұсынатын медициналық және басқа қызметтер нарығын кеңейту және Кәсіпорынды дамыту үшін қосымша қаражат тарту болып табылады.

2) **«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КММ көрсетілген ақылы медициналық қызмет түрлерінің тізімі**

№	Қызмет атаулары	2025 жылғы ақпанның 18-нен бастап қызмет бағасы
1	Қазақстан Республикасы азаматтарының психикалық денсаулығы туралы, сондай-ақ шетелдіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ тұлғаларға жеке	1000 теңге

	жүгінулері бойынша маманның (психиатр-дәрігердің) қатысуымен медициналық тексерістен өту туралы медициналық қорытынды ресімдеу.	
2	Қазақстан Республикасы азаматтарының психикалық денсаулығы туралы, сондай-ақ шетелдіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ тұлғаларға жеке жүгінулері бойынша маманның (психиатр-нарколог-дәрігердің) қатысуымен медициналық тексерістен өту туралы медициналық қорытынды ресімдеу.	1000 теңге
3	Қазақстан Республикасы азаматтарының психикалық денсаулығы туралы және қару ұстауға құқық беретін жеке жүгінулері бойынша маманның (психиатр-дәрігердің) қатысуымен медициналық тексерістен өту туралы медициналық қорытынды ресімдеу.	1000 теңге
4	Қазақстан Республикасы азаматтарының психикалық денсаулығы туралы және қару ұстауға құқық беретін жеке жүгінулері бойынша маманның (психиатр-нарколог-дәрігердің) қатысуымен медициналық тексерістен өту туралы қорытынды ресімдеу.	1000 теңге
5	Азаматтардың психикалық денсаулығы туралы қорытынды жасау, психотроптық, нашақор заттармен және прекурсорлармен жұмыс жасауға рұқсат беру үшін (сұраныстарды ресімдеу) және мұрағат деректері негізінде дәрігерсіз берілген, заңды тұлғалардың және жергілікті сұраныс бойынша психиатрдың диспансерлік есебінде тұруы/тұрмауы туралы анықтама ресімдеу.	700 теңге
6	Азаматтардың психикалық денсаулығы туралы қорытынды жасау, психотроптық, нашақор заттармен және прекурсорлармен жұмыс жасауға рұқсат беру үшін (сұраныстарды ресімдеу) және мұрағат деректері негізінде дәрігерсіз берілген, заңды тұлғалардың және жергілікті сұраныс бойынша психиатр-наркологтың диспансерлік есебінде тұруы/тұрмауы туралы анықтама ресімдеу.	700 теңге
7	Көлік қызметі (науқасты ертіп жүру) тапсырыс бойынша 1 сағатқа.	3000 теңге
8	Азаматтардың психикалық денсаулығының жай-күйі туралы, сондай-ақ шетел адамдары мен Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ тұлғаларға жергілікті сұраныс бойынша психобелсенді заттарды тұтынуына биологиялық ортаға зерттеу жүргізе отыра диспансерлік есепте тұру жағдайлары туралы медициналық қорытынды ресімдеу.	3300 теңге
9	Психиатр-дәрігердің кеңесі (клиникалық бөлімде)	3600 теңге
10	Нарколог-дәрігердің кеңесі (клиникалық бөлімде)	3600 теңге
11	Психолог кеңесі (клиникалық бөлімде)	2300 теңге
12	Қан жинамай ақ, психобелсенді заттарды қолдану фактілерін және масаю жағдайын анықтау үшін ресми жолдамасыз (жеке жүгіну) ПБЗ барлық түрлеріне медициналық куәландырудан өткізу (соның ішінде алкоголь).	4400 теңге
13	Физиоём (Электросон)	780 теңге
14	Физиоём (УВЧ-80)	680 теңге
15	Физиоём (Краниоцеребральды гипотермия)	860 теңге
16	Физиоём (Алмаг-01)	960 теңге
17	Диспансерлік есепте тұратын тұлғаларды амбулаториялық кезеңде уытсыздандыру (алкоголь)	7600 теңге

18	Жеке жүгіну бойынша жасасырын түрде қызмет алушы тұлғаларды амбулаториялық кезеңде уытсыздандыру (алкоголь)	13000 теңге
19	Диспансерлік есепте тұратын тұлғаларды амбулаториялық кезеңде уытсыздандыру (нашақорлық)	9900 теңге
20	Жеке жүгіну бойынша жасасырын түрде қызмет алушы тұлғаларды амбулаториялық кезеңде уытсыздандыру (нашақорлық)	15200 теңге
21	Э.С.Т-дан кейін алкогольге қарсы препаратты егу (3 ай), жеке жүгіну бойынша шет ел азаматтары үшін де	11400 теңге
22	Э.С.Т-дан кейін алкогольге қарсы препаратты егу (6 ай), жеке жүгіну бойынша шет ел азаматтары үшін де	12100 теңге
23	Э.С.Т-дан кейін алкогольге қарсы препаратты егу (12 ай), жеке жүгіну бойынша шет ел азаматтары үшін де	13000 теңге
24	Электркардиографикалық зерттеулер	1000 теңге
25	Жалпы несеп талдауы	370 теңге
26	Жалпы қан талдауы	600 теңге
27	Стационарда тәулік бойы болуымен (пациенттің қалауы бойынша) (алкогольден басқа) психикалық белсенді заттарды қолдану салдарынан туындаған психикалық және мінез-құлық бұзылыстың орташа деңгейлі ауырлығындағы абстиненттік синдромын тоқтату	17300 теңге
	Қосымша қызмет шығындары: қан талдауы (биохимия) -908 теңге, несептегі есірткіні анықтауға арналған тест-панель -1590 теңге, АИТВ анықтауға арналған тест -2750 теңге, нәжісті ішекқұрт ұрығына, салмонеллезге және дизентерияға қол әдісімен бактериялық зерттеу-2960 теңге, мұрынды және аңқаны дифтерияға бактериялық зерттеу-1534 теңге, флюорография-866 теңге, В гепатиті -1358 теңге.	11966 теңге
28	Стационарда тәулік бойы болуымен (пациенттің қалауы бойынша) алкогольді қолдану салдарынан туындаған психикалық және мінез-құлық бұзылыстың орташа деңгейлі ауырлығындағы алкогольдік абстиненттік синдромын тоқтату	15400 теңге
	Қосымша қызмет шығындары: қан талдауы (биохимия) -908 теңге, нәжісті ішекқұрт ұрығына, салмонеллезге және дизентерияға қол әдісімен бактериялық зерттеу-2960 теңге, мұрынды және аңқаны дифтерияға бактериялық зерттеу-1534 теңге, флюорография-866 теңге	6268 теңге
29	Пациентті интернатқа орналастыру (қамқоршының өтініші бойынша).	22000 теңге
30	ПМБ, деменцияны емдеу, күту- 1 тәулікте (пациенттің қалауы бойынша)	11000 теңге
	Қосымша қызмет шығындары: қан талдауы (биохимия) -908 теңге, нәжісті ішекқұрт ұрығына, салмонеллезге және дизентерияға қол әдісімен бактериялық зерттеу-2960 теңге, мұрынды және аңқаны дифтерияға бактериялық зерттеу-1534 теңге, флюорография-866 теңге	6268 теңге
31	Алкогольді тұтынудан туындаған психикалық және мінез-құлық бұзылыстарының орташа ауырлықтағы алкогольді ішу жағдайын (пациенттің өтініші бойынша) үйде қызмет көрсету арқылы жеңілдету.	21000 теңге
	Стационарда тәулік бойы болуымен (пациенттің қалауы	13400 теңге

32	бойынша) тұлғаның және мінез-құлық бұзылыстарын тоқтату	
	Қосымша қызмет шығындары: қан талдауы (биохимия) -908 теңге, нәжісті ішекқұрт ұрығына, салмонеллезге және дизентерияға қол әдісімен бактериялық зерттеу-2960 теңге, мұрынды және аңқаны дифтерияға бактериялық зерттеу-1534 теңге, флюорография-866 теңге.	6268 теңге
33	Стационарда тәулік бойы болуымен (пациенттің қалауы бойынша) рекуррентті депрессиялық бұзылыстарды бір тәулік ішінде тоқтату	10900 теңге
	Қосымша қызмет шығындары: қан талдауы (биохимия) -908 теңге, нәжісті ішекқұрт ұрығына, салмонеллезге және дизентерияға қол әдісімен бактериялық зерттеу-2960 теңге, мұрынды және аңқаны дифтерияға бактериялық зерттеу-1534 теңге, флюорография-866 теңге.	6268 теңге

Ақылы қызметтерді орталық мамандары сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, Солтүстік-Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Рига көшесі 6 мекенжайы бойынша көрсетеді.

Пациенттердің өтініштері бойынша ақылы медициналық қызмет көрсетуге қатысатын медициналық қызметкерлердің біліктілігін растайтын құжаттар ұсынылады.

3). Ақылы түрде көрсетілетін категорияларға жататын қызмет критериялары

Ақылы медициналық қызметтер –заңнамаларда көрсетілгендей азаматтардың жеке қаражаттары есебінен, ұйымның және басқа да қаражат көздерінің есебінен медициналық мекемелерде пациенттерге көрсетілетін медициналық қызмет.

Мемлекеттік кепілдік берілген Бағдарламаларда көрсетілмеген жағдайда көрсетілген қызмет тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс қызмет болып табылады.

Көрсетілетін қызметтер:

-ақылы қызмет көрсетуге Кәсіпорын мен жеке тұлғаның арасындағы келісімшарт негізінде тұрғындарға ақылы қызмет көрсету нысаны;

- ақылы қызмет көрсетуге Кәсіпорын мен жеке заңды тұлғаның арасындағы келісімшарт негізінде тұрғындарға ақылы қызмет көрсету нысаны.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесінде көрсетілген медициналық көмек түрлерінің тізбесіне енгізілгендіктен, оған ақысыз негізде көрсетілген күнде де пациент медициналық қызметті төлем арқылы ала алады:

- көрсетілген ауруы бар пациент үшін медициналық көрсеткіші болмаған күнде де осы ауру үшін бекітілген медициналық көрсеткіштерден тыс көрсетілетін қызмет;

- көрсетілген ауруы бар пациент үшін медициналық көрсеткіші болмаған күнде де жеке күтім ұсыну қызметі;

-бюджет есебінен қызметті алуға құқығы жоқ пациенттерге (Қазақстан Республикасының аймағында тіркелмеген азаматтарға, шет ел азаматтарына) көрсетілетін қызмет.

4). Тек қана ақылы негізде көрсетілетін қызметтер

Жұмысқа, оқуға орналасу барысында медициналық куәландыру және тексеру (көлік жүргізуге құқық алу, шығу визаларын ресімдеу, қару алуға және ұстауға құқық алу, медициналық анықтамалар (дәрігерлік кәсіби-консультативтік қорытынды).

«Оларды орындау барысында алдын ала және мезгілді медициналық тексеру (тексеріп-қаралу) жүргізілетін зиянды және қауіпті өндірістік факторлармен және жұмыстар тізбесін және алдын ала медициналық тексеріп-қаралуларды жүргізу тәртібін бекіту туралы» денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығына сәйкес мезгілді медициналық тексерілу, жеке жүгіну бойынша.

Медициналық көрсеткіштері және де құқық қорғау және сот органдарының жолдамалары болмаған жағдайда азаматтың жеке бастамасы бойынша жүргізілетін медициналық тексерілудің барлық түрлері (куәландыру, консальтация, сараптамалар және емдеулер.

5). Ақылы қызметтер ұсыну тәртібі

Кәсіпорында ақылы қызмет көрсету тәртібі осы Қағидамен реттеледі. Ақылы қызметтерді орталық мамандары сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, Солтүстік-Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Рига көшесі 6 мекенжайы бойынша көрсетеді.

Кәсіпорын азаматтарды, келесі мәліметтері бар тегін, қол жетімді және шынайы ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті:

-Кәсіпорынның орналасқан орны туралы, оның мемлекеттік тіркелген орны туралы мәліметтер;

-мекеме әкімшілігінің және ақылы медициналық қызметті ұсыну жұмысына жауапты тұлғаның телефондары туралы ақпарат;

-ақылы қызмет көрсетуші мамандардың біліктілігі және сертификаттары туралы мәліметтер;

-көрсетілетін қызметтер тізбегі, оларды ұсыну тіртібі мен нысандары;

-көрсетілетін қызмет құны және төлем тәртібі мен түрлері;

-жеңілдікке құқығы бар тұтынушы санаттарының тізбесі;

-көрсетілетін қызмет мерзімдері туралы мәліметтер;

-мамандардың қабылдау кестесі.

Ақылы түрдегі медициналық қызмет алдын ала хабарландырылған пациенттердің келісімі бойынша ғана көрсетіледі. Пациенттің келісімін алу мүмкіндігі болмаған жағдайда оның заңды өкілінің (қамқоршысының) келісімін алуға болады. Қызмет көрсетілгенге дейін келісім алыну қажет.

Кәсіпорын ұсынылаыын медициналық қызметтердің Қазақстан Республикасы аумағында рұқсат етілген диагностикалау, алдын алу және емдеу әдістеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Таңдаулы медициналық қызмет түрлерін көрсетуге Кәсіпорынның лицензиясы болған жағдайда ғана ақылы қызмет көрсете алады.

Ақылы негізде қызмет көрсету барысында медициналық мекемеде бекітілген жұмыс тәртібі сақталу қажет және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі нашарламау қажет. Кәсіпорын қызметкерлерінің ақылы қызмет көрсету тәртібі және қаражат түсімі диспансердің ішкі нормативтік актілерімен (бұйрық, ережелер, ішкі еңбек кестесі тәртібімен, ұжымдық шарттармен, кестелермен) айқындалады.

Пациентке ақылы қызмет көрсету соңында қажеттілігі бойынша белгіленген нысандағы медициналық қорытынды беріледі. Заңды тұлғаларға қызмет төлемі келісімшарт негізінде қызмет көрсетер алдында іске асырылады. Төлемақы банк арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен немесе медициналық мекеменің кассасына қолма-қол ақша төлеу жолымен іске асырылады.

6). Азаматтардың келесі категорияларына қарастырылған жеңілдіктер:

6.1 Психобелсенді заттарды тұтынуына биологиялық ортаға зерттеу жүргізе отыра (психиатр-нарколог-дәрігер) маманының медициналық қорытындысын ресімдеу көлік құралын басқаруға рұқсат алу үшін (073/у анықтамасы), ата-ана қарауынсыз қалған балаларға, 1 топ мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысына қатысқан және соларға теңестірілген тұлғаларға тегін жүргізіледі.

6.2 6.1 тармақта көрсетілген қызметтен басқа, медициналық қызметтерге төлем төлеуден келесі санаттар босатылады:

дәлелдейтін құжаттарды ұсына отыра, 18 жасқа толмаған балалар, Ұлы Отан соғысына қатысқандар және оларға теңестірілген тұлғалар, 1 топ мүгедектері, көп балалы аналар, «Алтын

алқа», «Күміс алқа» иегерлері, атаулы әлеуметтік көмек алатындар, инфекциялық, әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын науқастар және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратындар (әлеуметтік қорғалмаған топтар), қандастар.

Азаматтардың психикалық денсаулығы туралы, психобелсенді заттарды тұтыну фактісін белгілеу және автокөлік құралдарын жүргізу құқығындағы мас күйі, атыс қаруына ие болу, кәсіби тексеруден өтуі туралы анықтаманың жарамдылық мерзімі - 1 ай.

7). Көрсетілген ақылы медициналық қызмет үшін есеп айырысу тәртібі

Тұрғындардан қабылданған қаржының сақтығына материалдық толық жауапкершілігіне жүктелмеген мекеме қызметкері ақылы қызметті тұтынушыдан қолма-қол ақша алуға тыйым салынады.

Ұсынылған ақылы қызмет үшін тұрғындар есеп айырысуды бақылау-кассалық машинаны қолдана отыра іске асырады. Тұтынушыға қызмет көрсету келісімі және қолма-қол ақшаны қабылдап алғанын дәлелдейтін кассалық түбіртек беріледі. Күнтізбелік ай ішінде анықтама алуға қайтадан жүгінген кезде, төлем түбіртегі сақталған жағдайда, анықтама тегін ұсынылады.

Банктік аударым арқылы пациенттермен есеп айырысу POS терминалы арқылы немесе «ақылы қызметтер қаражаты» ұйымның ағымдағы шотына аудару арқылы жүзеге асырылады.

Бақылау-кассалық машинаны қолдану барысында қолдану ережесі сақталады. Бақылау-кассалық машинаны қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бекіткен тұрғындармен есеп айырысуды іске асыру барысында бақылау-кассалық машиналарды қолданудың Типтік ережесінде айқындалған.

8). Ақылы қызмет бағаларын (тарифтерін) қалыптастыру, өзгерту тәртібі

Кәсіпорын ақылы қызметтерге бағаларды (тарифтерді) қалыптастыруды дербес жүзеге асырады. Медициналық қызметкерлердің жалақысының өзгеруі, негізгі құралдарды қайта бағалау, ақылы қызметке тартылатын дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдар бағасының жоғарылау, амортизациялық аударымдар нормасында өзгеріс болған жағдайларды, сондай-ақ бағаларды (тарифтерді) бекіту кезінде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің өзгеруін қоспағанда, бағалар мен тарифтер жарты жылда бір рет жаңартылуы мүмкін. Баға прейскуранты Кәсіпорынның басшысымен бекітіледі.

Медициналық қызметтерге бағалар (тарифтер) өнімнің, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің еркін бағалары мен тарифтерін қалыптастыру мен пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстарда белгіленген тәртіппен қалыптастырылады.

Сол ақылы қызметке арналған баға тұтынушыларға төлем түріне қарамастан (қолма-қол ақшамен немесе банктік аударыммен) белгіленеді.

9). Ақылы қызмет көрсету бойынша есеп-қисап жүргізу тәртібі

Ақылы медициналық қызмет көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары бухгалтерлік есеп пен есеп беруді Есеп саясатына сәйкес кепілдендірілген медициналық көмек пен ақылы медициналық қызмет көрсету үшін бөлек жүргізеді.

Ақылы қызметтер көрсету үшін алынған қаражаттарды Кәсіпорын дербес бөледі және пайдаланады, кірістер мен шығыстар қаржылық есеп беруде және Кәсіпорынды дамыту жоспарында көрсетіледі.

10) ақылы медициналық қызмет көрсетуге қатысатын медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары:

Ақылы медициналық қызмет көрсетуге медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде қызмет көрсететін медицина қызметкерлері қатысады.

Басшының бұйрығы негізінде дәрігерлерге, мейірбикелерге, кіші буын қызметкерлерге, басқа қызметкерлерге және әкімшілікке, қызметтік міндеттерде қарастырылмаған жұмыстары үшін, кәсіби шеберлігі үшін, жоғары дәрежелі күрделілігі үшін, қосымша сомаға тұрақты және бір реттік

сипаттағы қосымша төлемдер, ынталандыру төлемдері және де мереке күндері сыйақы қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, кәсіпорын жұмысшыларына өтемақы төлемдері берілуі мүмкін:

- денсаулықты жақсартуға қаржылай көмек
- мерекелер мен мерейтойларға төлемдер
- басшының шешімі бойынша қызметкерге көрсетілетін материалдық көмек.

Емдеу шарты

Стационарлық тұрғыда ақылы көмек көрсету шарты

Петропавл қ.

20__ ж _____

«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМҚ, бұдан әрі «Қызметтер беруші» деп аталады, бір жағынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Д.Ж.Бейсембаев және екінші жағынан _____, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1. Қызметтер беруші Прескурантқа сәйкес ақылы қызметтерді ұсынады.
2. Тапсырыс беруші Қызметтер берушіге оның шығындарын Прейскуратқа сәйкес тарифтер бойынша өтейді.

2. Көрсетілген ақылы қызметтер үшін өзара есеп айырысу тәртібі

3. Шарт сомасы _____ теңгені құрайды.

4. Тапсырыс беруші Қызметтер берушінің қызметтеріне ақы төлеуді Қызметтер беруші ұсынған баға тізіміне сәйкес нақты көрсетілген медициналық көмектің көлемі бойынша жүзеге асырады.

5. Егер ақылы медициналық қызметтер ұсыну кезінде шартта көзделмеген қосымша медициналық қызметтерді ақылы негізде ұсыну қажет болған жағдайда, Қызмет беруші Тапсырыс берушінің келісімімен емдеу процесінде нақты көрсетілген медициналық көмектің көлемін ескере отырып, шарттың сомасын түзетеді. Қосымша сома және оны төлеу тәсілі Тапсырыс берушімен келісіледі және шартқа қосымша келісім ретінде ресімделеді.

6. Қызметтер беруші Тапсырыс берушіге қолма-қол ақша/қолма-қол ақшасыз қаражаттың қабылданғанын растайтын (келісімшарт, фискалдық түбіртек) құжатын береді.

7. Қызмет мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Қызметтер беруші Тапсырыс берушіге Шарт талаптарын Тапсырыс берушінің бұзған жағдайларын қоспағанда, төлеген сома мен нақты көрсетілген қызмет арасындағы айырманы төлейді.

3. Тараптардың міндеттері

8. Қызметтер беруші:

ауруларды диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес, аталған назологиялар бойынша хаттамалар болмаған кезде-жалпыға бірдей қабылданған тәсілдерге және дәлелді базаға сәйкес медициналық көрсетілімдер бойынша медициналық қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге;

Тапсырыс берушінің емдеу нәтижелерімен қанағаттанушылығының ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдауға;

жасасқан Шарт шеңберінде осы немесе өзге де қызметтерді көрсетуге жағдайлар болмаған жағдайда, осы қызметті басқа денсаулық сақтау ұйымында көрсетуді ұйымдастыруға және оған ақы төлеуге;

Тапсырыс берушіге көрсетілген медициналық, диагностикалық және сервистік қызметтердің түрлері мен көлемдерін көрсете отырып, белгіленген мерзімде шот ұсынуға;

Тапсырыс берушіге осы Шарттың орындалуына тексеру жүргізу үшін барлық қажетті медициналық және қаржылық құжаттаманы ұсынуға міндетті.

9. Тапсырыс беруші:

Дәрігердің нұсқауларын орындауға, аурухана ережелерін сақтауға және көрсетілген медициналық көмек үшін уақтылы төлем жасауға міндетті.

4. Тараптардың жауапкершілігі

10. Тапсырыс беруші құқылы:

Ақылы бөлімшеде (палатада) жұмыс істейтіндер қатарынан емдеуші дәрігерді таңдауға; Жүргізілген емнің сапасы мен дәрігерлік тағайындаулардың негізділігіне сараптаманы жүзеге асыруға құқығы бар.

11. Қызметтер берушінің:

Тапсырыс беруші аурухана режимін бұзған және дәрігерлік ұйғарымдарды орындамаған жағдайда емдеуді мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар.

5. Тараптардың жауапкершілігі

12. Қызметтер беруші жауапты:

ақылы қызметтерді көрсету кезінде жіберілген бұзушылықтар үшін (жеткіліксіз көлемдегі және сапасыз медициналық қызметтерді көрсету, азаматтардан тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне кіретін қызметтер үшін ақы алу, сол медициналық қызметті көрсеткені үшін екі еселенген ақы алу; (пациент қаражатының және бюджет қаражатының есебінен).

13. Тапсырыс беруші көрсетілген медициналық көмектің нақты көлемі үшін Қызметтер берушіге шығындарды уақтылы өтемегені үшін жауапты.

14. Жеткізушінің медициналық көмек көрсету туралы келісімнің шарттарын бұзуы келісімнің бұзылуына және Жеткізушінің шығындарды өтеудің әрбір кешіктірілген күні үшін төленбеген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ келісімнің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлеуіне әкелуі мүмкін.

15. Тапсырыс берушінің медициналық көмек көрсету туралы келісімнің шарттарын бұзуы келісімнің бұзылуына және Тапсырыс берушінің шығындарды өтеудің әрбір кешіктірілген күні үшін төленбеген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ келісімнің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлеуіне әкелуі мүмкін.

6. Шартты өзгерту және бұзу

16. Осы Шарттың талаптары тараптардың жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

17. Шартты мерзімінен бұрын бұзу ниеті туралы тараптар бір-бірін алдын ала хабардар етуге міндетті.

7. Қорытынды ережелер

18. Тараптардың бірде-бірі өздерінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін екінші тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

19. Осы Шарт бірдей заң күші бар екі данада жасалған, бір данасы – Тапсырыс берушіде, екіншісі Қызметтер берушіде болады.

20. Осы Шарт тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және тараптар осы Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындаған сәтке дейін қолданылады.

8. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Қызметтер беруші

«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ

«Психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК

директор _____

Тапсырыс беруші

Заңды тұлғаларға қызмет көрсету үшін

№ ___ Шарт

Петропавл қ.

20___ ж _____

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК, бұдан әрі «Қызметтер беруші» деп аталады, бір жағынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Д.Ж. Бейсембаев және бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, оның атынан _____ әрекет ететін, екінші жағынан _____ негізінде _____ әрекет ететін _____, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Қызметтер беруші осы Шарттың №1 қосымшасына сәйкес қызмет көрсетуге міндеттеледі.

1.2. «Тапсырыс беруші» ақылы негізде көрсетілетін, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне кірмейтін, медициналық қызметтер үшін бекітілген баға тізіміне сәйкес тарифтер бойынша Қызметтер берушінің шығындарын өтеуге міндеттеледі.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Адам саны –

2.2. Шарттың жалпы сомасы ҚҚС есепке алмағанда _____ теңгені құрайды. Қызметтер беруші ҚҚС төлеуші болып табылмайды.

2.3. «Тапсырыс беруші» электрондық шот-фактураға және көрсетілген қызметтер актісіне сәйкес медициналық қызмет көрсетілген күннен бастап 10 (он) банк күні ішінде Қызметтер берушіге төлем жасауға міндеттеледі.

3. Тараптардың міндеттері

3.1. «Қызметтер беруші» міндетті:

3.1.1. ЭШФ және көрсетілген қызмет актісін ұсынуға.

3.2. «Тапсырыс беруші» міндетті:

3.2.1. Көрсетілген медициналық қызметтер үшін уақытында төлемдерді жүзеге асыруға.

4. Тараптардың жауапкершілігі:

4.1. «Қызметтер беруші» жауапты:

4.1.1. Ақылы медициналық қызметтерді көрсету кезінде жіберілген бұзушылықтар үшін (көлемі мен сапасы жеткіліксіз медициналық қызметтерді көрсету және сол медициналық қызметті көрсеткені үшін екі еселенген ақы алу).

4.2. «Тапсырыс беруші» жауапты:

4.2.1 Көрсетілген медициналық қызметтердің нақты көлемі үшін «Қызметтер берушіге» шығындарды уақтылы өтемегені үшін.

4.3. «Қызметтер берушінің» ақылы медициналық қызметтерді көрсету туралы келісімнің шарттарын бұзуы келісімнің бұзылуына және «Қызметтер берушінің» шарт сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл төлеуіне әкелуі мүмкін.

4.4. «Тапсырыс берушінің» көрсетілген ақылы медициналық қызметтер үшін шығындарды өтеу туралы келісімнің шарттарын бұзуы келісімнің бұзылуына және «Тапсырыс берушінің» шығындарды өтеудің кешіктірілген әрбір күні үшін қарыз сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ қарыз сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлеуіне әкеп соғуы мүмкін.

5. Даулар мен келіспеушіліктер

5.1. Осы Шартты орындау кезінде немесе оған байланысты туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында алдын ала келіссөздер арқылы қарастырады.

5.2. Барлық шешілмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органдарына шешу үшін жолданады.

6. Шарт мерзімі

6.1. Осы Келісім қол қойылғаннан кейін күшіне енеді және екі Тарап та өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін күшінде болады.

6.2. Келісім 202__ жылғы 31 желтоқсанға дейін, ал өзара есеп айырысуға қатысты Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін күшінде болады.

7. Реквизиты сторон

Қызметтер беруші

«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ

«Психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ

КМК, КБе 16

Директор _____

Тапсырыс беруші

Амбулаториялық деңгейде қызметтер көрсету

Ақылы қызмет көрсету Шарты

Петропавл қаласы

«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Д.Ж. Бейсембаев атынан, бір жағынан «Қызметтер беруші» деп аталады және _____, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, бірлесіп «Тараптар» деп аталып төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. «Қызметтер беруші» кәсіпорынның Прескурантына сәйкес ақылы қызмет көрсетеді

(қызмет атауы)

«Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы №ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39НҚ «Мемлекеттік қызметтер тізілімін бекіту туралы» бұйрығы).

«Тапсырыс беруші» «Қызметтер берушіге» баға тізімінде көрсетілген тарифтер бойынша шығындарды өтейді.

Көрсетілген ақылы қызметтер үшін өзара есеп айырысу тәртібі

2. Шарт сомасы _____ теңгені құрайды.

3. Төлем түрі – қолма қол ақша, аудару арқылы есеп айырысу, POS-терминалы арқылы.

4. Қызметтер үшін төлем «Тапсырыс беруші» тарапынан қызметті алғанға дейін 100% алдын ала төлем түрінде «Қызметтер берушінің» кассасына қолма-қол ақша салу немесе «Қызметтер берушінің» есеп шотына қаражат аудару арқылы банктік аударым арқылы жүзеге асырылады.

3. Тараптардың міндеттері:

1. «Қызметтерді беруші» міндетті:

Жалпы қабылданған тәсілдерге сәйкес медициналық қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ету;
«Тапсырыс берушінің» өтініші бойынша медициналық қызмет түрін көрсететін шот-фактураны ұсыну.

2. «Тапсырыс беруші» міндетті:

- ✓ Медицина қызметкерлерімен қарым-қатынас жасағанда құрмет пен сыпайылық танытуға;
- ✓ «Тапсырыс берушінің» психикалық денсаулық жағдайын анықтау үшін дәрігерге қажетті барлық ақпаратты беруге.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. «Қызметтер беруші» жауапты:

- ✓ ақылы қызметтерді көрсету барысында бұзушылықтарды болдырмау үшін (көлемі мен сапасы жеткіліксіз медициналық қызметтерді көрсету, сол медициналық қызметті көрсеткені үшін екі еселенген ақы алу).

4.2. «Тапсырыс беруші» жауапты:

- ✓ Өз денсаулығына қатысты орын алған өзгерістер туралы мәліметтерді жасырғаны үшін.

5. Даулар мен келіспеушіліктер

5.1. Осы Шартты орындау кезінде немесе оған байланысты туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында алдын ала келіссөздер арқылы қарастырады.

5.2. Барлық шешілмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органдарына шешу үшін жолданады.

6. Шарт мерзімі

6.1. Осы Шарт тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған сәттен бастап өз күшіне енеді.

6.2. Осы Шарт Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін күшінде болады.

Қызметтер беруші

«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ

«Психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ

КМК, КБе 16

Директор _____

Тапсырыс беруші
